


Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Арқалық қаласы білім бөлімінің  
Ы.Алтынсарин атындағы гимназиясы» КММ

## 2022 жылғы ата-аналар жиналысының АҚПАРАТЫ

Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын ескере отырып, ата-аналармен жиналыстар, тренинг, дөңгелек стол, спорттық іс-шаралар өтті.

**Мақсаты:** Отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық қатынастарын нығайту, ата-анасын сыйлай білетін азамат тәрбиелеу, отбасы құндылықтарын арттыру.

<https://www.instagram.com/reel/Ci60b8rq4Ez/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>  
<https://www.instagram.com/reel/Ci60b8rq4Ez/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>  
<https://www.instagram.com/reel/Ci-wqGZq0a5/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>  
[https://www.instagram.com/reel/Ci5jgk\\_Kg0B/?igshid=YmMyMTA2M2Y=](https://www.instagram.com/reel/Ci5jgk_Kg0B/?igshid=YmMyMTA2M2Y=)



## №355 бұйрық

### «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі № 123 бұйрығы

#### **БҰЙЫРАМЫН:**

1.«Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15584 болып тіркелген, 2017 жылғы 7 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсітілген бұйрықпен бекітілген Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларында:

1 және 2 - тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді және білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңесінің (бұдан әрі - Қамқоршылық кеңес) жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібін айқындайды.

2. Қамқоршылық кеңес Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери, арнаулы, медициналық және фармацевтикалық оқу орындарына, мемлекеттік емес білім беру ұйымдарына, сондай-ақ акционерлік қоғам нысанында құрылған мемлекеттік коммерциялық емес білім беру ұйымдарын қоспағанда білім беру ұйымдарында құрылады.»;

Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 22 қазандағы N 501 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 12 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4995 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 44-бабының 9-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары бекітілсін.

2. Мектепке дейінгі және жалпы орта білім департаменті (М. Санатова) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Облыстық, Астана, Алматы қалаларының білім департаменттері осы бұйрықты білім беру ұйымдарының барлық аудандық (қалалық) бөлімдеріне жеткізсін.

4. "Білім беру ұйымының қамқоршылық кеңес қызметін ұйымдастыру туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 16 қарашадағы N 923 бұйрығының (N 3254 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Білім және ғылым вице-министрі К. Шәмшидиноваға жүктелсін.

6. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін атқарушы	
------------------------------	--

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 22 қазандағы N 501 бұйрығымен бекітілген
--

Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағида) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Білім беру ұйымының қамқоршылық кеңесі (бұдан әрі - Қамқоршылық кеңес) білім беру ұйымын алқалы басқару нысанының бірі болып табылады.

3. Қамқоршылық кеңес өз жұмысында Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы қағиданы, сондай-ақ білім беру ұйымының жарғысын басшылыққа алады.

4. Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі ведомстволармен және басқа да ұйымдармен өзара қарым-қатынаста болады.

5. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз қызметтерін орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

2. Қамқоршылық кеңестің құрамы, құрылымы және қызметі

6. Қамқоршылық кеңес аталған білім беру ұйымының құрылтайшысы және білім алушылардың ата-аналарының бастамасы бойынша жалпы жиналыста құрылуы мүмкін.

7. Қамқоршылық кеңестің құрамына:

- 1) басқа да білім беру ұйымдарының, басқару органдарының өкілдері;
- 2) жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестер;
- 3) қоғамдық ұйымдардың, қорлардың, қауымдастықтардың өкілдері;
- 4) демеушілер кіруі мүмкін.

8. Қамқоршылық кеңестің құрамы 3 жыл мерзімге сайланады. Қажет болған жағдайда жалпы жиналыстың шешімімен оның құрамына жекелеген өзгерістер енгізілуі мүмкін.

9. Қамқоршылық кеңестің отырысында сайланатын оның төрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады. Төраға Қамқоршылық кеңестің атынан арнайы өкілеттісіз әрекет етеді, оны білім беру ұйымының, мемлекеттік органдар және басқа да тараптар алдында таныстырады. Төраға Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырады және оның қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережелерге сәйкес қамтамасыз етеді.

10. Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасарын Қамқоршылық кеңес сайлайды.

11. Хатшыны Қамқоршылық кеңес сайлайды және ол Қамқоршылық кеңестің іс-қағаздарын жүргізуге жауап береді.

12. Қамқоршылық кеңестің отырыстары оның жұмыс жоспарына сәйкес, жылына кемінде бір рет өткізіледі. Жоспардан тыс отырыстар қажеттілікке қарай Қамқоршылық кеңес төрағасының шешімімен немесе Қамқоршылық кеңестің төрттен бір мүшелерінің талаптары бойынша өткізіледі.

13. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің кемінде 2/3-сі отырысқа қатысса, шешім қабылдауға құқылы. Қамқоршылық кеңестің шешімі ашық дауыс берумен оның қатысып отырған мүшелерінің басым көпшілігінің даусымен қабылданады.

14. Қамқоршылық кеңес жұмысының мақсаттары:

- 1) білім беру ұйымына оның жарғылық қызметтерін жүзеге асыруға ықпал ету;
- 2) білім беретін оқу бағдарламаларын ойдағыдай іске асыру мақсатында білім беру ұйымының оқушылары мен педагогикалық ұжымы үшін қажетті жағдайлар жасау;

3) білім беру ұйымына қаржылық қолдауды, материалдық-техникалық базасын күшейтуді қамтамасыз ету;

4) білім беру ұйымының әрі қарай дамуына ықпал ету;

5) білім беру ұйымы жұмысының, оның ішінде қаржы қаражаттарын бөлу жұмыстары үшін қоғамдық бақылауды жүзеге асыру.

15. Қамқоршылық кеңес жұмысының негізгі бағыттары:";

1) білім беру ұйымына әлеуметтік-мәдени, сауықтыру және дамыту іс-шараларын өткізуге көмек көрсету;

2) тәрбие мен оқыту саласында халықаралық ынтымақтастықты орнату мен дамытуға ықпал ету;

3) халықтың әлеуметтік осал жіктерінен шыққан білім алушылардың білім алуына, тұрмыс жағдайларын жақсартуына және еңбекпен қамтылуына ықпал ету;

4) білім беру ұйымының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстар енгізу болып табылады;

5) білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесінің алдында есебін тыңдау болып табылады.

3. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату

16. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату:

- 1) құрылтайшының бастамасы бойынша;
- 2) Қамқоршылық кеңестің бастамасы бойынша;
- 3) білім беру ұйымын таратуға және қайта ұйымдастыруға байланысты жүзеге асырылады.



«Бекітемін»

Директор: А.Кисикова

## Қамқоршылық кеңестің мүшелері 2022-2023 жыл

№	Атауы	Аты-жөні	Жұмыс орны қызметі	Ұялы байланыс желісі	Қамқоршылық кеңестегі қызметі	
1	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Б.Алтынсарин атындағы гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	1	Мұхамеджанова Гулнур Хазреткалиевна	Частный нотариус г.Арқалыка	87014623744	төрайымы
		2	Издигаева Айнур Омиртаевна	Заведующая ПМПК(педагогико- медико- психологическая консультация)	87028560517	төрайымның орынбасары
		3	Нургабылова Жанар Жомартовна	КГП КЮЭС	87786038437	қаржы бақылаушы
		4	Жумабаева Дарига Серикбаевна	ТОО"КстГОЛД" эксперт-оценщик	87026073843	кеңес мүшесі
		5	Каражигитова Дана Таттигалиевна	Агро-техникалық колледжі- оқытушы	87024277062	кеңес мүшесі
		6	Даулбаева Ботагөз Куанышевна	Жеке кәсіпкер "Перекресток"	87014737016	кеңес мүшесі
		7	Қалиева Жанар Мұратқызы	Арқалық қаласының мұражай қызметкері	87782624629	кеңес мүшесі
		8	Киекбаева Жудыз Галымовна	ИП. «Галымовна»	87002922708	кеңес мүшесі
		9	Смагулова Раушан Жалгасбаевна	Бастауыш гимназия, педагог- психолог	87029258114	кеңес мүшесі

Қостанай облысы әкімдігі білім  
басқармасының «Арқалық  
қаласы білім бөлімінің  
Ы.Алтынсарин атындағы  
гимназиясы» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі



Коммунальное государственное  
учреждение  
«Гимназия им.И.Алтынсарина отдела  
образования города Аркалыка»  
Управления образования акимата  
Костанайской области

№ 141 **БҰЙРЫҚ**

Арқалық қаласы

**ПРИКАЗ**  
от « 01 » 09 2022 года

город Аркалык

### Қамқоршылық кеңесіне өзгеріс енгізу туралы

«Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрлігінің 27.07.2017 жылғы №355 бұйрығын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2022-2023 оқу жылына қамқоршылық кеңесінің құрамына төмендегі тізім бойынша өзгеріс енгізілсін:

1. Мұхамеджанова Гулнур Хазреткалиевна - қамқоршылық кеңес төрайымы

2. Издибаева Айнур Омиртаевна - төрайымның орынбасары

3. Нургабылова Жанар Жомартовна - қаржы бақылаушы

4. Даулбаева Ботакоз Куанышовна - кеңес мүшесі

5. Каражигитова Дана Таттигалиевна - кеңес мүшесі

6. Қалиева Жанар Мұратқызы - кеңес мүшесі

7. Киекбаева Жудыз Галымовна - кеңес мүшесі

8. Жумабаева Дарига Серикбаевна - кеңес мүшесі

9. Смагулова Раушан Жалғасбаевна - кеңес мүшесі

2. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.Г.Тасмаганбетова және А.Қ.Ахмединаға жүктелсін.

Директор



А. Кисикова



«Бекітемін»  
Директор  
А. Кисикова  
«09» 09 2022 жыл

«Келісілді»

Қамқоршылық Кеңесі мүшелерінің  
№1 отырысы шешімімен  
Қамқоршылық кеңес төрайымы  
Г. Мухаметжанова  
«09» 09 2022 жыл

«Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің  
Ы.Алтынсарин атындағы гимназиясы» КММ  
Қамқоршылық кеңесінің 2022-2023 оқу жылына арналған  
жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Мектепке жол!» акциясын ұйымдастыру	Тамыз	Әлеуметтік педагог Қамқоршылық кеңес мүшелері
2	Қамқоршылық кеңес мүшелері мен ата-аналар комитетінің бірлескен №1 отырысы.  Ұстаздар мерекесі және Қарттар күнін ұйымдастырып өткізуге көмек көрсету.	Қазан	Гимназия директоры Кисикова А.Ж. Қамқоршылық кеңес төрайымы Мухаметжанова Г.К Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Қамқоршылық кеңес мүшелері
3	Гимназия оқушыларының денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында жағдай жасау: а) асханадағы тамақтану сапасын бақылау және ұйымдастыру; б) зиянды әрекеттердің алдын алу мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастыру; с) Гимназиядағы еңбек жағдайлары және білім сапасын жақсарту мақсатында оқушылар және мұғалімдерден сауалнама алып отыру; Гимназия ішінде сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыруға жәрдемдесу. Қамқоршылық кеңес жұмыстарын бақылау.	Жыл бойы	Гимназия медбикесі Бабажанова Г.О Қамқоршылық кеңес мүшелері Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Абдибекова Ж.Т. Гимназия психологы Қамқоршылық кеңес мүшелері  Тексеру комиссиясы Қамқоршылық кеңес мүшелері
4	«Үздік сынып» номинациясына лайықты сыныпты анықтап, марапаттауға көмек көрсету. «Сенім жәшігі» жұмысының ұйымдастырылуын бақылап отыру.	Тоқсан сайын	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары  Қамқоршылық кеңес мүшелері
5	Қамқоршылық кеңес мүшелері мен ата-аналар комитетінің бірлескен №2 отырысы Пән олимпиадалары, оқушылардың ғылыми жұмыстарын өтуіне ықпал жасау.	Қыркүйек-мамыр	Гимназия директоры Кисикова А.Ж. Қамқоршылық кеңес төрайымы Директордың шаруашылық жөніндегі

			орынбасары Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Қамқоршылық кеңес мүшелері Директордың ғылыми жұмысы жөніндегі орынбасары
6	«Қош келдің Жаңа 2022 жыл!» тақырыбындағы Жаңа жыл мерекесінің өтуіне және безендіру жұмыстарына көмек көрсету. 3-тоқсанға дайындық жұмыстары бойынша сынып кабинеттерінің жабдықталуы мен жөндеу жұмыстарына көмек көрсету.	Желтоқсан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Қамқоршылық кеңес мүшелері
7	Қамқоршылық кеңес мүшелері мен ата- аналар комитетінің бірлескен № 3 отырысы Акциялар өткізу: «Жан жылуы» тақырыбында жетім балаларға концерттік қойылым ұйымдастырып, қамқорлық жасау;	Қаңтар	Гимназия директоры Кисикова А.Ж. Қамқоршылық кеңес төрайымы Әлеуметтік педагог Қамқоршылық кеңес мүшелері
8	Қамқоршылық кеңесінің жалпы жиналысы 8 Наурыз-Халықаралық Әйелдер мерекесі және 22 Наурыз- Наурыз мерекесінің өтілуіне көмек көрсету.	Наурыз	Гимназия директоры Кисикова А.Ж. Қамқоршылық кеңес төрайымы Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Қамқоршылық кеңес мүшелері
9	Гимназия ауласын көгалдандыру мақсатында «Ағаш отырғызу» акциясын ұйымдастыру; Гимназия ауласын көгалдандыру, тазалық жұмыстары және келесі оқу жылына қайта жөндеу жұмыстарын ұйымдастыруға дайындық жұмыстарын ұйымдастыру. «Үздік гимназист» байқауының өтілуіне көмек көрсету.	Сәуір	Қамқоршылық кеңес төрайымы Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Әлеуметтік педагог Қамқоршылық кеңес мүшелері Жармағанбетова Г.Н. Қамқоршылық кеңес мүшелері
10	1 мамыр –Ынтымақ күні және 9 мамыр- Жеңіс күнінің өтілуіне көмек көрсету. «Оқушы жетістігі-мұғалім жетістігі» тақырыбындағы 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша ашық есік күнін өткізу: а) «Үздік гимназист» байқауының	Мамыр	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Жармағанбетова Г.Н. Сынып жетекшілер Қамқоршылық кеңес мүшелері

	<p>қорытындысы;  б) 2022-2023 оқу жылындағы ғылым, білім, спорт және өнер салсында жетістіктері бар оқушылар үшін «Жұлдыздар шеру»;  в) белсенді ата-аналарды марапаттау;</p> <p>25 мамыр-Соңғы қоңырау мерекесін ұйымдастырып, өтуіне көмек көрсету. Оқушылардың жазғы уақытта еңбек практикасын ұйымдастыру бойынша мәселелер қарастыру.</p> <p>Гимназия ауласын көгалдандыру мақсатында «Ағаш отырғызу» акциясын өткізу. Тазалық жұмыстары және жаңа оқу жылына дайындық мақсатында сынып кабинеттеріне ағымдағы қайта жөндеу жұмыстарын жүргізу.</p> <p>Қамқоршылық кеңес мүшелері мен ата-аналар комитетінің бірлескен №4 отырысы:</p>		<p>Гимназия директоры  Кисикова А.Ж.  Қамқоршылық кеңес төрайымы</p>
11	<p>Түлектер кешін ұйымдастырып өткізуіне көмек көрсету.</p>	<p>Маусым</p>	<p>Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары  Қамқоршылық кеңес мүшелері</p>

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Арқалық қаласы білім бөлімінің  
Ы.Алтынсарин атындағы гимназиясы» КММ

**Қамқоршылық кеңесі мүшелері жиналысының  
№1 ХАТТАМАСЫ**

*«» қазан 2022 жыл*

*Арқалық қаласы*

*Қатысқандар: 15*

*Директор - А.Кисикова*

*Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары - А.Тасмағанбетова*

*Ата-ана саны: 9*

*Қатыспағандар: 0*

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Қамқоршылық кеңесінің 2021-2022 оқу жылында атқарған жұмыс есебі;
2. 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту және таныстыру; Қамқоршылық кеңесінің жаңа құрамын бекіту;
3. «Мектепке жол», «Адамдарға қуаныш сыйла», «Қамқорлық» қайырымдылық акциялары аясында ерікті демеушілердің көмектері туралы.

**Тыңдалды:**

Бірінші сұрақ бойынша гимназия директоры Ақтоты Кисикова өткен оқу жылында жасалған жұмыс есебін сөз етті. Оқу үрдісіне сәйкес жоспарланған іс-шаралардың ұстаздар күні, жаңа жыл мерекесі, «Жұлдызды сәт», «Үздік гимназист» іс-шарасын өткізуге де қамқоршылық кеңесі белсенді жұмыс атқарғандығы мәлім болды.

Екінші мәселе бойынша гимназия директоры Ақтоты Кисикова қамқоршылық кеңесінің ережесімен таныстырып, кеңес жұмысының ашық болатынын алға тартты. Сондай-ақ кеңес қызметінің мәні, қамқоршылық кеңесінің құқықтары жайында айтылды. Жалпы 2017 жылда құрылған аталмыш Кеңестің мектеп жұмысына тигізер пайдасы мол. 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын таныстырып өтті. Жыл бойына жасалатын іс-шаралар жоспары ата-аналар тарапынан бірауыздан қолдау тапты.

Үшінші мәселе бойынша Әлеуметтік педагог сөз алды. «Мектепке жол», «Адамдарға қуаныш сыйла», «Қамқорлық» қайырымдылық акциялары аясында ерікті демеушілердің көмегімен қаражаттай және материалдық заттар жинақталып, әлеуметтік отбасыларға таратылып берілді.

**Шешімі:**

1. 2021-2022 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңесінің есебі қанағаттанарлық деп есептелсін;


2. «Арқалық қаласы білім бөлімінің Ы.Алтынсарин атындағы гимназиясы» КММ

Қамқоршылық кеңесінің жаңа құрамы бекітілсін;

- 1) Мухаметжанова Гулнур Хазреткалиевна -кеңес төрайымы;
- 2) Издибаева Айур Омиртаевна-төрайым орынбасары;
- 3) Нургабулова Жанар Жомартовна -қаржы бақылаушы;
- 4) Даулбаева Ботакөз Куанышевна -кеңес мүшесі
- 5) Қалиева Жанар Мұратқызы -кеңес мүшесі
- 6) Жумабаева Дарига Серикбаевна -кеңес мүшесі;
- 7) Смагулова Раушан Жалгасбаевна -кеңес мүшесі
- 8) Каражигитова Дана Таттигалиевна -кеңес мүшесі
- 9) Киекбаева Жұлдыз Галымовна – кеңес мүшесі

3. Қамқоршылық кеңесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін;

4. Әлеуметтік жағдайы төмен, тұрмысы қолайсыз отбасынан шыққан балаларға және көмекті аса қажет ететін оқушыларға көмек көрсетуге демеуші азаматтарды тарту.

Хатшы  А. Тасмаганбетова

Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің  
үлгілік қағидаларын бекіту туралы

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-  
тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 22 қазандағы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4995 болып тіркелген, 2007 жылғы 30 қарашадағы № 184 (1387) "Юридическая газета" газетінде жарияланған) № 501 бұйрығы;

2) "Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 22 қазандағы № 501 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14751 болып тіркелген, 2017 жылғы 9 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкісінде жарияланған) № 715 бұйрығы.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (Е.Ерсайынов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі Б.А. Асыловаға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі *Е. Сағадиев*

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары –

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрі \_\_\_\_\_

А.Мырзахметов

2017 ж. 23 шілде

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі \_\_\_\_\_

Б.Сұлтанов

2017 ж. 7 тамыз

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және спорт министрі \_\_\_\_\_

А. Мұхамедиұлы

2017 ж. 28 шілде

Қазақстан Республикасы Білім және  
ғылым министрінің 2017 жылғы 27  
шілдедегі № 355 бұйрығымен  
бекітілген

Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары

1 - тарау. Жалпы ережелер

4. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз өкілеттігін орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

2 - тарау. Қамқоршылық кеңесті сайлау тәртібі және құрамы

5. Тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органы өзінің интернет корында және/немесе әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында Қамқоршылық кеңестің құрылатындығы және оның құрамы бойынша ұсыныстардың қабылданатындығы туралы хабарландыру орналастырады.

6. Қамқоршылық кеңестің құрамын тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органы бекітеді және Қамқоршылық кеңеске мүше болуға үміткерлердің жазбаша келісімімен алынған ұсыныстардың негізінде қалыптастырылады.

7. Қамқоршылық кеңестің құрамына мыналар кіреді:

- 1) жергілікті өкілдік, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;
- 2) жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері;
- 3) коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері (бар болса);
- 4) ата-аналар комитеті ұсынған әрбір параллель сыныптан, курстан сол білім беру ұйымында білім алушылардың бір ата-анасы немесе заңды өкілі;
- 5) қайырымдылық жасаушылар (бар болса).

Білім беру ұйымының жанынан құрылған Қамқоршылық кеңес отырысына осы білім беру ұйымының басшысы немесе оның орынбасары қатысады.

Қамқоршылық кеңес құрамына "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген адамдар кіргізілмейді.

8. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ, бір-бірімен және сол білім беру ұйымының басшысымен ешқандай туыстық және жекжаттық қатынасы жоқ кемінде тоғыз адамнан құрылады. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі бір жылды құрайды. Қамқоршылық кеңес мүшелері сол білім беру ұйымы қызметкерлерінің штатына кірмейді.

9. Мемлекеттік органдардың өкілдері болып табылатын Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны үш адамнан аспайды.

10. Қамқоршылық кеңестің отырысында ашық дауыс беру жолымен дауыстар басымдылығымен сайланатын (қайта сайланатын) оның төрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады.

Мемлекеттік органдардың өкілдері Қамқоршылық кеңестің төрағасы болып сайланбайды және оның міндеттерін жүзеге асырмайды.

11. Қамқоршылық кеңестің төрағасы болмаған жағдайда Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша оның қызметін Қамқоршылық кеңес құрамына кіретін мемлекеттік органдардың өкілдерінен басқа Қамқоршылық кеңес мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

12. Төраға Қамқоршылық кеңестің атынан әрекет етеді және осы Қағидаларға сәйкес оның қызметін қамтамасыз етеді.

13. Қамқоршылық кеңестің жұмысын Қамқоршылық кеңес сайлаған хатшы қамтамасыз етеді.

3 - тарау. Қамқоршылық кеңестің өкілеттігі

14. Білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесі:

1) білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуына, сонымен қатар білім беру мекемелерінің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;

2) білім беру ұйымының жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді;

3) білім беру ұйымын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды әзірлейді;

4) қазақстандық азаматтардың отбасына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселелері жөнінде шалаларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлейді;

5) қайырымдылық көмек түрінде білім беру ұйымдарына түскен қаржыны бөлуге қатысады және оның мақсатты жұмсалуды туралы шешім қабылдайды;

6) білім беру ұйымының бюджетін қалыптастыру барысында ұсыныстарды әзірлейді;

7) тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органына Қамқоршылық кеңестің білім беру ұйымының жұмысында анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді;

8) білім беру ұйымы басшысының білім беру ұйымының қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметін ұсыну сапасы, қайырымдылық көмектің жұмсалуды және қазақстандық азаматтардың отбасыларына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселесі жөнінде шараларды қабылдау туралы есебін тыңдайды;

9) білім беру ұйымы қызметінің мәселелері бойынша конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысады;

10) білім беру ұйымының қызметімен, білім беру ұйымындағы білім алушыларға және тәрбиеленушілерге жасалған жағдайлармен танысады, білім беру ұйымының психологын қатыстыра отырып, олармен әңгімелеседі.

Білім беру ұйымдарының (құрылымдық бөлімшесі) қызметкерлері Қамқоршылық кеңестің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттарды ұсынуға ықпал етеді.

4 - тарау. Қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру тәртібі

15. Қамқоршылық кеңестің отырысын оның төрағасы өз бастамашылығымен, Қамқоршылық кеңес мүшесінің жалпы санының үштен екісінің бастамасымен шақырады.

16. Қамқоршылық кеңестің отырысын шақыру туралы хабарламаға Қамқоршылық кеңес төрағасының қолы қойылып, хабарлама отырыс өткізілетін күнге дейін жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей қажетті материалдармен бірге Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне және Қамқоршылық кеңес қызмет ететін білім беру ұйымына жолданады.

Хабарламада отырыстың өткізілу күні, уақыты және орны жазылады.

Хабарламаға баяндамашы көрсетілген отырыстың күн тәртібі, күн тәртібіне қоса себептерді көздейтін анықтамалық материалдар, Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне ұсынылатын отырысқа қажетті құжаттар қоса беріледі.

17. Хабарламаны алған Қамқоршылық кеңестің мүшесі Қамқоршылық кеңестің отырысы өткізілетін күнге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей өзінің Қамқоршылық кеңестің отырысына қатысатындығын немесе қатыспайтындығын Қамқоршылық кеңес хатшысына хабарлайды.

18. Қамқоршылық кеңестің төрағасы отырысты шақыру туралы ұсыныс түскен күнінен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей Қамқоршылық кеңестің отырысын шақырады.

19. Қамқоршылық кеңестің отырысы қажеттілігіне қарай, тоқсан сайын кемінде бір рет өткізіледі.

20. Қамқоршылық кеңестің отырысы, егер қамқоршылық кеңестің барлық мүшелері отырыстың өткізілу уақыты мен орны туралы хабарлар болса және оған мүшелерінің кемінде жалпы санының үштен екісі қатысса заңды болып табылады. Қамқоршылық кеңес мүшесінің өз дауысын Қамқоршылық кеңестің басқа мүшесіне немесе адамға сенімхат бойынша беруге жол берілмейді.

21. Білім беру ұйымы Қамқоршылық кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие.

22. Қамқоршылық кеңестің шешімі ашық дауыс беру арқылы оған қатысқан мүшелердің дауыстар басымдылығымен қабылданады. Дауыстар тепе-тең түскен жағдайда Қамқоршылық кеңестің төрағасы, ал ол болмаған жағдайда Қамқоршылық кеңес төрағасының міндеттерін атқаратын тұлға дауыс берген шешім қабылданады.

23. Қамқоршылық кеңестің шешімі отырысқа қатысқан Қамқоршылық кеңестің барлық мүшесі қол қойылған хаттамамен ресімделеді.

24. Хаттама Қамқоршылық кеңестің отырысы өткізілгеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органына жолданады.

25. Тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органы өзінің интернет-ресурсында Қамқоршылық кеңестің қабылдаған шешімдері туралы ақпаратты орналастырады.

26. Білім беру ұйымына қайырымдылық көмек ерікті түрде өтеусіз негізде көрсетіледі және осы Қағидаларда көзделген тәртіппен Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша жұмсалады.

27. Білім беру ұйымының қайырымдылық көмектен аударылатын кез келген түсімдері:

1) мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысаны түрінде құрылған білім беру ұйымдары үшін - Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшеде ашылған қайырымдылық көмектің қолма-қол ақшасын бақылау шотына;

2) басқа ұйымдық-құқықтық нысаны түрінде құрылған білім беру ұйымдары үшін – екінші деңгейлі банкте ашылған шотына аударылады.

28. Қайырымдылық көмектерден түсетін түсімдер:

1) білім беру ұйымындағы білім алушыларға және тәрбиеленушілерге әлеуметтік қолдау көрсетуге;

2) беру ұйымының материалдық-техникалық базасын жетілдіруге;

3) спортты дамытуға, дарынды балаларды қолдауға;

4) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс білім беру процесін ұйымдастыруға шығыстарды жүзеге асыруға.

29. Білім беру ұйымы жыл сайын қаржылық жылдың қорытындысы бойынша сол білім беру ұйымының интернет-ресурсында, тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органының өзінің интернет-ресурсында тиісті есепті орналастыру арқылы қайырымдылық көмек қаражатының пайдаланылуы және қозғалысы туралы жұртшылыққа ақпарат береді.

5 - тарау. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату

30. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату:

1) тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органдардың бастамасы бойынша;

2) білім беру ұйымын таратуға және қайта ұйымдастыруға байланысты жүзеге асырылады.

31. Қамқоршылық кеңестің мүшесі:

1) өз бастамасы бойынша;

2) білім беру ұйымындағы орнында үш ай бойы болмауы себепті Қамқоршылық кеңестің құрамынан шығуы мүмкін.